РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

SAQShY

№52 (4506)

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ WWW.MEDIAOVD.KZ 16.07.2019, СЕЙСЕНБІ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ – 4,1%

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізді.

Жиынға Премьер-Министр, Президент Әкімшілігінің Басшысы, Үкімет мүшелері, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстардың әкімдері, Қазақстан Президентіне тікелей бағынышты орталық мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Отырысты ашқан Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы бірінші жартыжылдығындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларына тоқталды.

— Қаңтар-маусым аралығында жақсы көрсеткіштерге қол жеткіздік деп айтуға болады. Атап айтсақ, экономикалық өсім 4,1 пайызды құрады. Инфляцияның жылдық көрсеткіші 5,4 пайыз болды. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 11,7 пайызға өсті. Әрине, аталған экономикалық көрсеткіштердің барлығы халықтың тұрмысына оң ықпал етуі тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Жиын барысында Премьер-Министр А. Мамин, Ұлттық банктің төрағасы Е. Досаев, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Р. Скляр, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Б. Сапарбаев, Ауыл шаруашылығы министрі С. Омаров, Түркістан облысының әкімі Ө. Шөкеев, Қарағанды облысының әкімі Е. Қошанов және Атырау облысының әкімі Н. Ноғаев баяндама жасады.

Қазақстан Президенті спикерлердің назарын банк секторындағы мәселелерге, қиын жағдайға тап болған азаматтардың тұтыну кредиттеріне қатысты қарыз жүктемелерін төмендету шараларын жүзеге асыру міндетіне аударды. Сондай-ақ, коммуналдық қызмет көрсету және тұрғын үй қорын басқару мәселелері бойынша тұрғындар тарапынан түскен арыз-шағымдардың көптігін атап көрсетті.

Мемлекет басшысы Түркістан облысының әкімі Ө. Шөкеевтің баяндамасына тоқталып, өз тапсырмасы бойынша қажетті қаржы бөлінгенін айтты.

— Уақыт өте тығыз. Біз бұл жұмыстарды қысқа мерзім ішінде аяқтауымыз керек. Еліміздің азаматтары, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, өңірлер, отандық бизнес және бірқатар шетелдік инвесторлар зардап шеккендерге материалдық және моральдық қолдау көрсетті. Бұл — халқымыздың береке-бірлігінің арқасы және тұтастығымыздың көрінісі. Бәріне зор ризашылығымды білдіремін, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрлігіне әскери қоймаларды көшіру жұмыстарын шұғыл түрде бітіру қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы Арыстағы жарылысқа кінәлілердің барлығын жазалауды тапсырды.

— Қазір оқиғаны зерттеу үшін арнайы комиссия жұмыс істеп жатыр. Комиссия жұмысының қорытындысы бойынша Президент Әкімшілігі мен Қауіпсіздік Кеңесі кінәлілердің бәрін қатаң жазалау жөнінде ұсыныс енгізуі қажет. Бұл қауіптілігі жоғары нысандарға жақын жерге құрылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат берген азаматтық мемлекеттік қызметшілерге де қатысты. Кінәлілердің бәрі қатаң жауапқа тартылып, жазалануы тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті 20 тамызға дейін басқа да осындай нысандарға егжей-тегжейлі талдау жасау үшін Қорғаныс министрлігіне, сондай-ақ, ескертулер мен төтенше жағдайларды жоюға жауаптылардың функционалдық дайындықтарын және қызметтің тиімділігін арттыру жөнінде Үкіметке тапсырма берді.

Баяндамаларды тыңдаған Мемлекет басшысы Үкіметтің, Ұлттық банктің және өңірлер әкімдерінің жұмыстарына оң баға берді. Қасым-Жомарт Тоқаев қорытынды сөзінде бағдарламалық құжаттар мен сайлауалды бағдарламаның жүзеге асырылу тиімділігін арттыру қажеттігін айтты.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру үшін жасалған Үкіметтің жобалық офисінің жұмысымен танысты. Қасым-Жомарт Тоқаевқа Жобалық офисті ұйымдастырудың негізгі жолдары, басым бағыттары, мақсаттары мен міндеттері жөнінде мәлімет берілді.

КӨШІ-ҚОН

Қазақстан – шетелдіктер үшін ашық ел

Қазақстан соңғы бес жылда 129-дан 77-орынға көтеріліп, шетелдік мигранттар үшін тартымдылығы бойынша өз позициясын жақсартты. Қазақстанның тартымдылық факторларының бірі — жұмыс табу мүмкіндігі.



Тек өткен жылдың өзінде Қазақстанда көші-қон қызметі орталықтары арқылы 434 мыңнан астам рұқсат беріліп, Әзербайжан, Армения, Грузия, Молдова, Тәжікстан, Өзбекстан және Украина азаматтарына еңбек қызметіне 117,5 мың рұқсат ұзартылды. Биылғы жылдың 6 айында жеке тұлғалардың еңбек қызметін жүзеге асыру үшін 260 мыңға жуық мигрантқа рұқсат ресімделіп, ұзартылды. Жұмысқа рұқсат алуға ниет білдірушілердің саны, әсіресе, көктемгі-жазғы кезеңде артады. Бұл кезде көші-қон қызметтері ел бойынша күніне бірнеше мың рұқсатқа дейін рәсімдейді.

Өткен жылдың 12 қаңтарында елордада Қазақстандағы тұңғыш көші-қон қызметі орталығы ашылды. Бүгінде ел бойынша осындай 17 орталық бар және олар бүкіл елді қамтиды. Орталықтардың басты мақсаты — елімізге келген шетелдіктерге Мемлекеттік қызмет көрсетуді жақсарту, олар үшін жағдай жасау және жұмысқа еңбек патентін алу мерзімін қысқарту. Басқаша айтқанда, бұл гастарбайтерлерді «көлеңкеден» шығару және оларды еңбек қызметінің ресми ортасына тарту. Орталықтарда мемлекеттік қызметтің 10-нан астам түрі көрсетіледі. Бұл — жұмысқа рұқсатты алу және ұзарту, визаны рәсімдеу, азаматтық мәселелері, көші-қон қызметінің шетелдіктерді тұрақты тұруға рәсімдеуі, ЖСН, сақтандыру полисін, жеке көші-қон нөмірін алу және медициналық куәландыру қызметтері.

Ішкі істер органдарын цифрландыру мәселелеріне арналған кеңесте Ішкі істер министрі Ерлан Тургумбаев мемлекеттік қызметтердің электрондық форматқа көшуін жеделдетуді тапсырды. Осыған байланысты көші-қон қызметтерін көрсету орталықтарында цифрландыру процестері нәтижелі енгізіле бастады. Орталықтарда визалық-көші-қон порталы бар, оның көмегімен шетелдіктерді уақытша онлайн тіркеуге болады. Бұл үшін қабылдаушы Тараптың электрондық цифрлық қолтаңбасы болуы тиіс. Жыл сайын көші-қон ХҚКО көрсететін қызметтер саны арта түсуде.

ІІМ баспасөз қызметі

АРЫС ҮШІН ҚАТАҢ СӨГІС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаевқа Арыстағы жарылысқа байланысты қатаң сөгіс жариялады. Бұл туралы Президент Үкіметтің кеңейтілген отырысында мәлім етті.

Еске сала кетсек, Арыс қаласындағы әскери бөлімнің қоймасында 24 маусым күні таңертең жарылыс болды. Салдарынан үш адам қаза тапты — Арыс тұрғыны мен екі әскери қызметші. 170-ке жуық адам зардап шекті. 20-ға жуық үй, 9 қора-қопсы жанып, далалы аумақта 14 ошақ тұтанды. Үй-жайлар мен ғимараттардың 80-90 пайызына әртүрлі деңгейде зақым келді. Бірқатар өңірде шұғыл желілер құрылды.

Түркістан облысына арнайы барған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Арыстағы әскери бөлімшедегі оқ-дәрі қоймасындағы жарылыстан зардап шеккен қала тұрғындарымен кездесіп, қаланың қалпына келтірілетініне уәде берді. Сондай-ақ, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Арыстағы жағдайға алаңдаушылық білдірді. Тұңғыш Президенттің төрағалығымен Қауіпсіздік кеңесінің отырысы өтіп, онда Арыс қаласындағы ахуал талқыланды.

Үкімет отырысында Премьер-Министр Асқар Мамин жарылыс салдарынан көз жұмғандардың туған-туыстарына көңіл айтып, тұрғындарға барлық көмек көрсетілетінін айтты. Келтірілген залалдың көлемі бағаланып, Үкімет резервінен ақша бөлінеді. Эвакуациялау кезінде мыңнан астам ата-ана балаларынан көз жазып қалды. Сәбилердің барлығы туыстарына дін-аман тапсырылды. Факті бойынша қылмыстық іс қозғалды.

РЕЙД

Борышкер, төлемнен бұлтарма!

3-бет

РЕЙД

Жағажайлар жағдайы бақылауда

4-бет

АЙМАҚ АЙШЫҒЫ

Тәлімгерлік — тегеурінді тәрбие мектебі

8-бет

№52 (4506), сейсенбі, 16.07.2019 e-mail: sakshy@mediaovd.kz

АЛҚА ОТЫРЫСЫ

Президент тапсырмалары – басты бағдар

ІІМ-де кеңейтілген алқа отырысы өтіп, онда ішкі істер органдарының осы жылдың бірінші жартыжылдығындағы жедел-қызметтік жұмысының қорытындысы және алдағы уақытқа арналған басым міндеттер қаралды.

Құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу, тергеу және анықтау, қылмыстық атқару жүйесі, халықты азаматтық қорғау бөліністерінің жұмысы, сондай-ақ, ішкі істер органдарында тәртіпті, заңдылықты сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды.

«Ел басшылығы ішкі істер органдарының қызметіне ерекше көңіл бөледі. Алдағы перспективаларға арналған маңызды міндеттер белгіленді. Сондықтан бүгін біз Президенттің әрбір тапсырмасына нақты тоқталып, қойылған міндеттерді іске асыруда проблемалар бар өңірлердің басшыларын тыңдаймыз», – деді Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты Ерлан Тургумбаев.

Министр Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асырудағы негізгі міндеттерді атап өтті. Оның ішінде құқық бұзушылықтардың, жасөспірімдер қылмысының алдын алу, ұрлыққа, есірткі қылмысына, оның ішінде интернеттегі синтетикалық есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықты апатты зілзалалардан қорғау және төтенше жағдайлардың алдын алу мәселелеріне кеңінен тоқталды.

Ерлан Тургумбаев халықпен жұмыс жасаудың жаңа форматтарының, қоғаммен өзара іс-қимылды жақсартудың, полиция қызметінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз етудің, сондай-ақ, сервистік үлгіге көшудің маңыздылығына назар аударды.

Полицияның фронт-кеңселерінің қызметі қаралып, олардың жұмысына департамент басшыларының тікелей қатысуын, сондай-ақ, «Жолдағы қабылдау» акциясының пункттерін қоғамның өзін-өзі жұмыспен қамтыған бөлігі кеңінен қамтылатын орындарға орналастыруды тапсырды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейтуге, тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз етуге, ішкі істер органдары қызметкерлерінің әдеп нормаларын сақтауына баса назар аударылды.

Алқа отырысының қорытындысы бойынша министрліктің орталық аппараты қызметтері және өңірлік департаменттер басшыларына қаралған мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берілді.

ІІМ баспасөз қызметі

СЛЕТ

Учаскелік инспектор – полиция айнасы

Бауыржан БЕРІКҰЛЫ,
суретті түсірген Жандос КОКУМБАЕВ

Учаскелік полиция инспекторларының жұмысы халықпен тығыз қарым-қатынаста құрылады. Қоғамдық тәртіпті сақтауда әрдайым алдыңғы шепте тұратын олардың жұмысы қашан да өзекті.

Учаскелік полиция инспекторларының тікелей жұмысы арқылы жыл сайын 40 мыңға жуық қылмыс ашылады.

Бүгінде есепте тұрған 166 мыңға жуық адам, 8,5 мың қолайсыз отбасы және 7 мыңға жуық кәмелетке толмаған учаскелік полиция инспекторларының бақылауында. Қызметтің осы бағытын дамыту мақсатында Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты Ерлан Тургумбаевтың бастамасымен ІІО мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес және ІІО қызметкерлерін әлеуметтік қолдау қоры, Әкімшілік полиция комитеті басшыларының,

сондай-ақ, еліміздің барлық өңірінен келген 250-ден астам учаскелік инспектордың қатысуымен учаскелік полиция инспекторларының республикалық слеті ұйымдастырылды.

Министр учаскелік инспекторлардың қызметін нығайту бойынша жүйелі шаралар қабылданатынын және осы бағыттың бірі – жалақы мен тұрғын үй төлемдерін арттыру екенін атап өтті.

– Ішкі істер органдарын жаңғырту біздің әрқайсымыздың алдымызға жаңа міндеттер қойып отыр. Әрбір жеке қызметкер халық арасында полицейлердің ұжымдық бейнесін қалыптастыратынын әрдайым есте сақтау қажет. Сондықтан алдымен учаскелік полиция инспекторы үлгі болуы, құқық бұзушылықтарға төзбеушілік танытуы, тәртіп пен этика нормаларын бұзуға жол бермеуі тиіс. Алғаш рет еліміздің азаматтары БАҚ пен әлеуметтік желілерде дауыс беру арқылы ең үздіктерді таңдады. Дауыс берушілердің белсенділігі қоғамның полиция жұмысын жақсартуға деген қызығушылығының жоғары екенін көрсетеді, – деп атап өтті Ішкі істер министрі.

Кездесу барысында Ішкі істер министрі республикалық маңызы бар қалалардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы және ауылдық жерлердегі «Полицияның үздік учаскелік пункттері» және «Полицияның үздік учаскелік инспекторлары» байқауының жеңімпаздарын марапаттады. Оларға мерзімінен бұрын атақтар беріліп, медальдар мен Құрмет грамоталары табыс етілді.

Республикалық слеттің соңында учаскелік полиция инспекторларымен тілдескен болатынбыз. Жамбыл облысы, Сарысу аудандық ПБ-нің Саудакент ауылындағы учаскелік полиция инспекторы Қанат Маратұлы өзінің Ішкі істер министрінің қолынан мерзімінен бұрын полиция майоры шенін алғанын, министрмен өткен ашық кездесуде учаскелік полиция инспекторларының жағдайлары толығымен қамтылып жатқандығын қуанышпен жеткізді.

БРИФИНГ

Шомылу маусымындағы сақтық шаралары

Өткен жұмада ІІМ Төтенше жағдайлар комитетінде «Шомылу маусымы кезеңіндегі қауіпсіздік шаралары туралы» брифинг өтті. Спикер болып Төтенше жағдайлар комитетінің төрағасы В. Беккер сөз сөйледі.

Елімізде халықтың шомылуы, демалуы және балық аулау үшін пайдаланатын 50 мыңнан астам су қоймасы бар, оларда ағымдағы жылы 607 ресми жағажай (107 коммуналдық және 500 жеке жағажай) құрылып, жұмыс істейді.

ТЖК құтқару бөлімшелері 607 жағажайдың тек 27-сі (коммуналдық жағажайлар) суда құтқару стансасының есебінен, сондай-ақ, 113 қауіпті су айдындарының учаскесі (табиғи жағажайлар) қосымша мобильді құтқару бекеттерін (2-3 құтқарушы және 1 жүзу құралымен 53 бекеті) қою арқылы бақыланады.

Су айдындарын және судағы демалыс орындарын қамтуды арттыру үшін ТЖК аумақтық бөлімшелері жыл сайын құтқарушы-жасақшыларды (объектілік құтқарушылар) ақысыз негізде оқытуды жүзеге асырады. Осы жылы 880 құтқарушы-жасақшылар дайындықтан өтті, олардың есебінен жеке демалыс аймақтарында 335 объектілік құтқару бекеті құрылды.

Қоғамдық орындарда болу және ортақ су пайдалану ережелерінің талаптарын сақтау бойынша бірлескен рейдтік іс-шаралар (ТЖД мен ЖП) белсенді жүргізілуде.

Осы жылғы 1 мамыр мен 10 шілде аралығында 7 мыңнан астам рейд жүргізіліп, 753 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 442 млн теңгеден астам сомаға айыппұл салынды. ӘҚБтК 440-бабы «Қоғамдық орындарда болу ережелерін бұзу» бойынша және 311 ескерту жасалды (364-бабы бойынша ортақ су пайдалану ережелерін бұзу).

Қабылданған тиімді шаралардың арқасында соңғы жылдары мас күйінде суға батып кеткендердің саны 2 есеге азайғаны байқалады.

Инспекторлық құрам мен құтқарушылар халық арасында және суда демалушылар арасында 170 мыңнан астам үгіт өнімдерін (буклеттер, парақтар) таратты.

Мұнда волонтерлік ұйымдар белсенді түрде тартылады, әсіресе «Жас отан» түсіндіру жұмыстарын жүргізуге қатысады. 500 акция өткізуге қатысқан 2 мыңнан астам еріктілер тартылды және 100 мыңнан астам үгіт-насихат өнімдері таратылды.

Сонымен қатар, құтқарушылар 58 балалар лагерінің жағажай акваториясының түбі тексерілді (барлығы 113 лагерь, 55 лагерьдің түбі сүңгуір жабдықтары бар ұйымдармен тексерілді), 164 ақпараттық стенд орнатылды, 358 лагерь әдіскерлерімен және нұсқаушыларымен әңгіме жүргізді.

Суға шомылу маусымы басталғаннан бері (12 шілдедегі жағдай бойынша) еліміздің су айдындарында 126 адам (2018 жылы-122), оның ішінде 50 бала (2018 жылы – 43 бала) суға батып кетті.

Адамдардың қаза болуының негізгі себептері – суға шомылу кезінде өз күштерін жете бағаламау (98 адам, оның ішінде 37 бала), 11 бала су қоймаларына, арықтарға, каналдарға құлау салдарынан қайтыс болды, 15 адам мас күйінде суға батып, 2 бала жүзе алмау салдарынан қайтыс болды.

Өткен жылмен салыстырғанда 3 адамнан артық суға кеткендер санының өсуі Ақмола (+10), Батыс Қазақстан (+10), Қостанай (+3) облыстарында байқалады.

Сонымен қатар, өткен аптада ыстық ауа райына байланысты соңғы 4 күн ішінде суда адамдардың қаза болуының 31 оқиғасы орын алды, оның ішінде 12-сі бала.

Ақмола облысының су айдындарында 9 адам тіркелді, оның ішінде үшеуі бала.

Суда қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс ТЖК ерекше бақылауында.

ІІМ ТЖ комитетінің баспасөз қызметі

айтылған сөз

Өткен жылы әртүрлі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің интеграциясы аяқталып, «электронды үй кітапшасы» жасалды. Енді қожайын өзінің үйінде немесе пәтерінде тіркелген адамдар туралы барлық мәліметті тек ХҚО арқылы ғана емес, сонымен қатар, «Мобильді үкімет» сервисі арқылы ұялы телефонның немесе планшеттің көмегімен де ала алады.

Кейбір мемлекеттік қызметтерді көрсетудің экстерриториалды принципі енгізілді. Енді азаматтар қай жерде тұратынына қарамастан, еліміздің кез келген аймағында ХҚО арқылы паспорт, жеке куәлігін, жүргізуші куәлігін ала алады және автокөлігін тіркей алады.

Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты Ерлан ТУРГУМБАЕВ

РЕЙД

Борышкер, төлемнен бұлтарма!

Солтүстік Қазақстан облысы Көші-қон қызметі 100-ден астам борышкер, алимент төлемеушілер мен туыстық қарым-қатынастарды жоғалтқан адамдарды іздестіруде.

9 шілдеден бастап Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаменті Көші-қон қызметі басқармасының қызметкерлері алимент төлемеушілер мен борышкерлерді іздестіру бойынша үш күндік акция өткізді.

Полицейлердің өндірісінде 117 іздестіру ісі болды: оның ішінде 28 алимент төлемеуші, 60 борышкер бар. Қалған 29 азамат «туыстық қарым-қатынастарын жоғалтқандар» санаты бойынша іздеуде. Өткізіліп жатқан акцияның мақсаты — іздеудегі адамдардың жүрген жерін анықтау жұмысын пысықтау.

Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаменті Көші-қон қызметі басқармасының бастығы, полиция майоры Талғат Әбіловтің айтуынша, адамды іздеуге жариялау туралы сот ұйғарымы келіп түскеннен кейін қызметкерлер іздестіру ісін ашады. Тұруы мүмкін мекенжайлар тексеріледі. Іздеудегі тұлға табылған жағдайда түсіндірме алынады, іздестіру ісін тоқтату үшін қажетті құжаттар жинастырылып, тиісті органдарға жолданылады.

— Сондай-ақ, рейд кезінде Көші-қон қызметінің қызметкерлері түсіндіру жұмыстарын да жүргізеді. Азаматтарға мамандардың байланыс телефондары үлестіріліп, Көші-қон қызметі орталығында қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат береді. Сонымен қатар, борышкерлер мен алимент төлемеушілерге қарыздан жалтару салдары түсіндіріледі. Мәселен, борышкер Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тек қарызын өтеген жағдайда ғана шыға алатынын еске салады, — дейді Талғат Әбілов.

Солтүстік Қазақстан облысының ПД баспасөз қызметі

АЙМАҚ

Жеке қабылдаулар жемісін беруде

100-ден астам ақмолалық облыстық Полиция департаменті бастығының жеке қабылдауында болып, сұрақтарына жауап алды.

Апта сайын ведомствода Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Берік Біләлов азаматтарды жеке қабылдайды. Өңірдің кез келген тұрғыны облыстың бас полицейіне құқық қорғау органының қызметіне қатысты мәселемен жүгініп, оның құзыретті шешілуіне сене алады.

Кезекті азаматтарды қабылдау 10 шілде күні департаменттің Қоғамдық қабылдау бөлмесінде өтті. Бір сағаттың ішінде Берік Біләлов өңірдің 5 тұрғынының сұрағына жауап берді. Жеке қабылдауға келген азаматтарды қылмыстық істердің тергелуі, көші-қон және әкімшілік заңнама мәселелері, сондай-ақ, полиция органдарына қызметке тұру мүмкіндіктері толғандырды. Ведомство басшысының айтуынша, бұл өтініштердің әрқайсысы барлық мән-жайды егжей-тегжейлі зерделеп, заңнама негізінде дұрыс шешім қабылдауды талап етеді.

Айта кететін жай, кездесу барысында азаматтар сөз еткен қылмыстық істерді Берік Біләлов тікелей қадағалауына алып, тергеу құрылымдарына аталған істердің сотқа барынша қысқа мерзімде жолдануы үшін барлық қажетті шараларды қабылдауды тапсырды. Сонымен қатар, Көші-қон қызметі, Жергілікті полиция қызметі басқармасы, Өзіндік қауіпсіздік басқармасы және Кадр саясаты басқармасы бастықтарына жеке-жеке тапсырмалар берді. Қабылдау кезінде келіп түскен бірде-бір мәселе жауапсыз қалмады, ал барлық тапсырмалардың орындалуын департамент басшылығы өз бақылауына алды.



Бүгінде азаматтарды жайлы жағдайда қабылдау үшін «Қоғамдық қабылдау бөлмесі» жұмыс істейді. Сонымен қатар, Берік Біләлов азаматтарды қабылдау кеңсесінен бөлек, аудан орталықтары, ауылдық аймақтар және учаскелік полиция пункттерінде де қабылдау тәжірибесін енгізген болатын. Полицейлерге қоғам белсенділері белсенді көмек көрсетуде. Бірде-бір қабылдау Консультативтік-кеңесші орган мүшелерінің қатысуынсыз өтпейді. Бұл мақсатқа сандық технологиялар да барынша қолданылады. Әрбір азаматтарды қабылдау ведомстволық әлеуметтік желілерде тікелей эфирде беріледі. Бұл интернет қолданушылардың арасында көптеген оң пікірге ие.

Осы жылдың екі айында полиция ведомствосының басшысы өңірдің 100 тұрғынымен жеке өзі кездессе, тағы 77 азаматты департамент бастығының орынбасарлары қабылдады. Бұл тәжірибе аумақтық құрылымдарда да жалғасуда. Биыл қалалық және аудандық бөлімдерде 350-ден аса ақмолалықтың проблемалық мәселелеріне жауап берілді.

Ақмола облысының ПД баспасөз қызметі

АРЫС. БІЗ БІРГЕМІЗ!

Арыстықтар алғысы

Арыс тұрғындары полицейлерге эвакуация кезінде көмек көрсеткендері үшін алғыс білдірді.

Арыс қаласының тұрғыны Галина Лосева туыстары мен көршісін эвакуациялап, қауіпсіз аймаққа шығуға көмек көрсеткен Түркістан облысы Полиция департаменті ЖПҚБ патрульдік полиция қызметкерлеріне шын жүректен алғысын білдірді. Әйел Арыс қаласында болған жарылыс кезінде олардың көпқабатты үйінде өздігінен қаладан шыға алмайтын қарт туыстары мен көршісі қалғанын еске алады.

Содан кейін оның ұлы қалада қалған әжесі, мүгедек тәтесі және қарт көршісін алып шығу үшін Арыс қаласына бара жатып, көшелердің бірінде полицейлерді көріп, туыстарына көмек көрсетуді сұрайды. Полиция қызметкерлері тез арада үйден шыға алмай отырған 3 егде жастағы мүгедек әйелдер тұратын мекенжайға жетеді. Тәртіп сақшылары ер адамның 92 жастағы әжесін, 60 жастағы тәтесін және 78 жастағы көршісін эвакуациялап, көмек көрсетеді. Құтқарылған әйелдерді патрульдік автокөлікке отырғызып, Қазығұрт ауданындағы қауіпсіз аймаққа жеткізеді. Онда оларға медициналық көмек көрсетіледі. Жарылыс кезінде көпқабатты тұрғын үйдің шатыры мен терезесіне зақым келген.

«Арыс қаласына патрульдеу кезінде бізге ер адам келіп, қарт туыстарын эвакуациялауға көмек сұрады. Біз көрсетілген мекенжайға бардық, үйден үш әйел мен олардың құжаттарын шығаруға көмектескен едік. Содан кейін біз барлығын патрульдік автокөліктерге отырғызып, Монтайтасқа дейін жеткіздік. Онда оларға медициналық көмек көрсетілді, кейін қалаға оралды», — деді Түркістан облысы ПД ЖПҚБ патрульдік полиция жеке батальонының взвод командирі, полиция капитаны Бейсен Әмреев.

Эвакуациядан кейін Арыс қаласының тұрғыны үйлеріне аман-есен оралды және қазір олардың өміріне еш қауіп жоқ. Жақында тәртіп сақшылары Галина Лосевой және оның 78 жастағы көршісі Валентина Горвоб үйіне барады, ал олар полицияға жарылыс кезінде көрсеткен көмегі үшін шын жүректен алғыстарын білдірді.

Түркістан облысының ПД баспасөз қызметі

ЖЕДЕЛ АЛДЫН АЛУ

3 мыңнан астам қару тәркіленді

Атыс қаруын пайдаланумен жасалатын қылмыстарға қарсы іс-қимыл мақсатында Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты Ерлан Тургумбаевтың тапсырмасы бойынша полиция қызметкерлері қарудың, оқ-дәрілердің елге түсу арнасының жолын кесу және оларды заңсыз айналымнан алу бойынша іс-шараларды жүргізуде.

Жалпы, Қазақстан бойынша 84 мақсатты бағытталған жедел-профилактикалық іс-шара (41 «ҚАРУ» ЖПІШ және 45 «Құқықтық тәртіп» ЖПІШ) өткізілді. Оның барысында заңсыз айналымнан 3277 қару тәркіленді. Оның ішінде ағымдағы жылдың сәуір айынан бері жүргізіліп жатқан қаруды қайтарусыз тапсыру акциялары шеңберінде азаматтардан 1973 атыс қаруы сатып алынды.

Жыл басынан бері атыс қаруының заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар бойынша 844 қылмыстық іс қозғалды. Криминалдық полиция бөліністері арнайы іс-шаралар жүргізу кезінде 53 қысқа ұңғылы атыс қаруын, автомат, 12 ойық ұңғылы карабин, 157 тегіс ұңғылы қару, 60 шолақ мылтық, сондай-ақ оқ-дәрілер алды.

Мәселен, наурызда Полиция департаменті мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлері Шығыс Қазақстан облысында сот сарапшысын ұстады. Оны тінту барысында 18 жарылғыш құрал, «ТОЗ» винтовкасы, 3 мыңнан артық патрондар, 3 шолақ мылтық, 3 тапанша, сондай-ақ жарылғыш қондырғылар мен атыс қаруының 232 бөлшегі алынды.

Интернет желісінде жасырын прокси-серверлерді, сондай-ақ, криптовалютаны және «Kiwi» әмиянды пайдаланып қару мен оқ-дәрілер сату әрекеттерін мониторингілеу кезінде полиция қызметкерлері қару мен оқ-дәрілер сататын 34 шетелдік интернет-ресурсты анықтады. Олардың жартысы бұғатталды, басқалары бойынша жұмыстар жалғасуда. Аталған ресурстардың басым бөлігі «Вконтакте» әлеуметтік желісінде және хабарландырулар сайтында, жартысы жабық желілерде жұмыс жүргізгені анықталды.

ІІМ баспасөз қызметі

ҚЫЛМЫСҚА — ҚЫЛБҰРАУ

Әйелді құтқарамын деп жарақат алды

Кешкілік уақытта пробация қызметкері Гиа Баламамедов жұмыстан қайтып келе жатып, Жезқазған қаласындағы үйлердің бірінде орын алған төтенше жағдайды байқап қалады.

Жақынырақ барып байқаған ҚАЖ қызметкері мас күйдегі ер адамның бір балалы әйелді ұрып жатқанын көріп, тез арашалауға кіріседі. Балалы әйел алған соққының әсерінен темір есікке соғылып, жерге құлайды. Жанжалға дер кезінде араласқан Г. Баламамедов әйел адамды құтқарып қалғанымен, өзі қаскөйдің қолынан пышақталады. Қазіргі кезде пробация қызметкерінің жағдайы бірқалыпты, Жезқазған қалалық Орталық аудандық ауруханасының жансақтау бөлімінде жатыр.

Аталған факт Жезқазған қалалық Полиция департаментінің Ақпаратты есепке алу кітабына тіркелді. Қылмыскерге қатысты қажетті тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

ІІМ ҚАЖ комитетінің баспасөз қызметі

ЖАҢА НЫСАН

4 фронт-кеңсе ашылды

Елбасы Жолдауын және Ішкі істер органдарын жаңартудың Жол картасын іске асыру мақсатында Павлодар қаласы Полиция басқармасында және Екібастұз қаласы Полиция басқармасында «Азаматтарды қабылдау орны», яғни фронт-кеңселер ашылды.

«Азаматтарды қабылдау орны» фронт-кеңсесін қалалық Полиция басқармаларының бастықтары Нұрмағамбет Әбдірахманов және Талғат Арынов салтанатты түрде ашты. Барлық фронт-кеңселер жайлылық және қауіпсіздік сияқты барлық заманауи талаптарға сай келетін жеке қызметтік жайдан тұрады. Енді қаламыздың тұрғындары мен қонақтары бұл жерлерден полиция қызметінің барлық бағыттары бойынша толық кеңес ала алады. Фронт-кеңсе дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді.

Павлодар қаласы Полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Нұрмағамбет Әбдірахманов өз сөзінде осы фронт-кеңселердің ашылуы халықтың полицияға деген сенімін арттыратынын атап өтті. Жүгінген азаматтарға Полиция басқармасы бөлімдерінің кәсіби білікті қызметкерлері сауатты кеңес пен түсініктемелер беретін болады. Ал ағымдағы жылдың 30 сәуірінде ашылған Полиция департаментінің фронт-кеңсесі 300-ге жуық азаматты қабылдап, қажетті кеңестер берген болатын.

Павлодар облысының ПД баспасөз қызметі

№52 (4506), сейсенбі, 16.07.2019 e-mail: sakshy@mediaovd.kz

ШАРА

Телефон ұрлығымен күресудің тиімді жолы

Ақмолалық полицейлер ұялы телефон ұрлығымен SMS-хабарламалар көмегі арқылы күреспек.

Көкшетау қаласының тәртіп сақшылары мен ұялы байланыс операторлары арасындағы келісім бойынша алдағы уақытта ақмолалықтар ұялы телефон арқылы жасалған қылмыстар, сонымен қатар, ұялы телефондарды ұрлағаны үшін көзделген жаза туралы ақпарат бар SMS-хабарламалар алатын болады.

Мұндай бастама Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Берік Біләловтің төрағалығымен, ақмолалық ұялы байланыс операторлары филиалының басшылары және ведомстволық жедел құрылымдарының қатысуымен өткен кеңес аясында айтылды.

Кездесуде Берік Біләлов айтқандай, ұялы телефондарды ұрлау, сондай-ақ, ұялы қондырғылар арқылы жасалған қылмыстар, оның ішінде телефон алаяқтары, терроризм туралы жалған хабарлама және т.б. полицияның ерекше бақылауында, ал бұл қылмыстарды жедел ашу үшін байланыс операторларының көмегі қажет. Сонымен қатар, абоненттік нөмірлердің базар және сауда үйлерінің аумағында еркін сатылуы, «сим-карталардың» үшінші тұлғаның атына тіркелуі полицияны алаңдатады. Кеңеске қатысушыларға осы және басқа да мәселелерді талқылауға мүмкіндік берілді.

Ұялы телефон ұрлықтарының жолын кесу бойынша атқарылып жатқан жұмыс туралы өзінің баяндамасында Криминалдық полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Талғат Асылбеков айтып өтті.

Спикердің ақпараты бойынша осы жылы өңірде бұл қылмыс түрінің өскені байқалады, ал өсу себептерінің бірі — ұялы телефон иелерінің өз мүлкіне салғырт қарауы, ұялы қондырғылардың еркін түрде қайталай сатылуы. Сонымен қатар, баяндамада аталған қылмыс түрін ашу кезінде полицейлер тап болатын қиындықтар да аталып өтті. Маңызды мәселе — ұялы байланыс құралдарын тіркеу. Бұл ұялы телефондарды ұрлаудың алдын алатын бірден-бір жол.

Кеңес аясында келген қонақтар да өздерінің идеяларымен бөлісіп, бұдан әрі бірлескен алдын алу жұмыстарының бағытын белгіледі. Олардың ішінде Ақмола облысы бойынша «Кар-Тел» ЖШС супервайзері Кирилл Листровой, Ақмола облысы бойынша «Кселл» АҚ корпоративті клиенттермен жұмыс бойынша өкілі Асхат Әшімов және «Мобайл-Телеком Сервис» ЖШС мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жөніндегі аға менеджері Рустем Жаканов бар.

Кездесу қорытындысы бойынша құрамына полиция қызметкерлері мен ұялы телефон операторларының өкілдері кірген арнайы жұмыс тобын құру туралы шешім қабылданды. Бірнеше күннің ішінде аталған топтың мүшелері кеңес барысында айтылған бастамалар мен шешімдер кіретін ынтымақтастық туралы меморандум әзірлейтін болады.

Сонымен қатар, департамент бастығы Берік Біләловтің тапсырмасы бойынша барлық ұялы телефондарды сату орындарына мониторинг жүргізеді. Абоненттік нөмірлерді сатушылар және дилерлермен алдын алу жұмыстарын жүргізіп, ұялы телефон компанияларына бұған дейін телефон ұрлағаны үшін сотталғандар және есепте тұрған адамдардың тізімі мен фотосуреттері беріледі. Тәртіп сақшылары алдын алудың мұндай шаралары өз жемісін беретініне күмән келтірмейді.

Ұялы телефондарды қолдана отырып жасалған қылмыстар мен телефон ұрлығы үшін көзделетін жауапкершілік туралы ақпарат бар SMS-хабарламаларды тарату жаңашылдықтың бірі болып отыр. Бұл азаматтарды барынша алдын алу жұмыстарымен қамтуға мүмкіндік береді.

Ақмола облысының ПД баспасөз қызметі

ҚҰҚЫҚ

Өмірді сақтау — өр міндет

Жуырда Маңғыстау стансасындағы Желілік полиция бөлімінің кезекші бөліміне Көші-қон полициясы тобының инспекторы А. Қуанышев Ақтау қаласының халықаралық әуежайы ғимаратында патрульдеу кезінде эскалатормен көтеріліп бара жатқан ер адамның құлап кетуінің алдын алғаны туралы хабарлама келіп түсті.

Полиция қызметкерінің ептілігінің арқасында ер адам зардап шеккен жоқ. Ал полиция капитаны оң аяғының тізе буыны жыртылып, дене жарақатын алды. Оған медициналық көмек көрсетілді.

Медициналық тексеру қорытындысына сәйкес, Алматы облысының 61 жастағы тұрғыны «жеңіл дәрежедегі» мас күйде болғаны анықталды.

Бұдан соң, ӘҚБтК-нің 440-бабының 1-бөлігімен, яғни көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарда мас күйде жүру бойынша әкімшілік хаттама толтырылып, оған 2,5 АЕК көлемінде айыппұл салынды.

Көліктегі ПД баспасөз қызметі

ЖАҢА ЖОБА

«Полиция кафедрасы» жұмысын бастады

О. УАҚПАЕВА, Қостанай қаласы

ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясында «Полиция кафедрасы» жобасы өз жұмысын бастап кетті.

«Полиция кафедрасы» жобасына тоқтала кетсек, Академия басшылығы Жол картасының үшінші бағытын орындау үшін 2021 жылға дейінгі даму тұжырымдамасын әзірлеген болатын. Оның мақсаты — азаматтық жоғары оқу орындарының 2-4 курс студенттерін факультативтік қолданбалы оқыту.

«Полиция кафедрасы» жобасының бірінші күні Академияға келген жоғары оқу орындарының студенттеріне кіріспе сабақ өткізілді. Сабақ барысында полицияның қызметі және олардың қоғамдық тәртіпті сақтаудағы жұмыстары туралы ақпараттар берілді. Кіріспе сабақпен қоса, оларға оқу орнының аумағында орналасқан ғимараттар, компьютерлік сынып және спорт алаңы көрсетілді. Студенттерге алғашқы күн өте тартымды болды. Олар оқытушылардың сабақтарын зейін қойып тыңдап, өздерінің қызығушылықтарын білдірді.

Атқарылып отырған іс-шарамыз студенттердің құқық қорғау қызметі туралы нақты түсінігін қалыптастыруға, құқық бұзушылықтың алдын алу міндеттерін шешуге және кадр аппаратына жинақтау процесін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Бұл ретте практикалық бағытта оқытуға аса көңіл бөлінетінін атап өту қажет. Сондай-ақ, «Полиция кафедрасы» жобасы барысында студенттерге дәріс беруге практикалық қызметкерлер де тартылады.

Осы бағытта іске асырылған іс-шаралар нәтижесінде ішкі істер органдарының кадрлық құрамы біздің қоғамымыздың сұраныстарына жауап беретін білікті де кәсіби қызметкерлермен толығады деген сенім мол.

РЕЙД

Жағажайлар жағдайы бақылауда

Петропавл қаласында қоғамдық орындарда мас күйінде жүргендігі және спирттік ішімдік ішкені үшін 3 мыңға тарта құқық бұзушы жауапқа тартылды.

Петропавл қаласы Полиция басқармасының қызметкерлері өзен-көлдердің жағасын патрульдеуді күшейтті. Рейдтің мақсаты — қоғамдық тәртіпті сақтау және суда жазатайым оқиғаларға жол бермеу.

Құбылмалы ауа райына қарамастан, судың жағасында демалуды қалайтындардың қатары мол. Жағажайдағы жағдайды полицейлер ТЖ департаментінің қызметкерлерімен бірлесіп қадағалайды. Тәртіп сақшыларының басты міндеті — демалушылардың спирттік ішімдіктерді ішуінің жолын кесу және мас күйде суға түсуге жол бермеу. Жыл басынан петропавлдықтардың жалпы суды пайдалану қағидаларын бұзғаны үшін полицейлер 3 құқық бұзушыны әкімшілік жауапкершілікке тартты. Барлығы ескертумен шектелді.

Қалалық жағажайдағы рейд барысында мас күйде жүрген 4 жас жігіт анықталды. Мән-жайды анықтау барысында олардың барлығы кәмелетке толмағандар болып шықты. Барлығы медициналық куәландырудан өтуге жіберіліп, қорытындысы олардың алкогольдік мас күйде екендігін көрсетті. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерін ювеналдық полицейлер әкімшілік жауапкершілікке тартты.

Есіл өзені бойындағы жабайы жағажайлардағы шомылу фактілерін анықтау мақсатында полицейлер құтқарушылармен бірлесіп қайықпен патрульдеуге жиі шығады. Шомылушылардың арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оларға жадынамалар таратылады. Облыстық ТЖД Жедел-құтқару жасағының құтқару бөлінісінің басшысы-құтқарушы Сергей Черкасовтың айтуы бойынша, Петропавл қаласы бойынша екі жерде ғана суға түсуге рұқсат етілген: Пестрое көлі мен Есіл өзені — бұл жабдықталған жағажайлар. Сонымен қатар, Корнеевка селосындағы Торанғыл көлінде құтқару бекеті, демалу аймағы бар. Жабдықталмаған жерлерде суға түсуге тыйым салынады. Қалалық жағажайға демалуға келгеннің өзінде де, судағы тәртіптің өз қағидалары бар: суда тартылған белгілердің ар жағына шығуға, балаларды қараусыз қалдыруға, спирттік ішімдіктерді ішуге және мас күйде суға түсуге болмайды.

Полицейлер суға түсетін жерлерде алкоголь ішу жазатайым оқиғаларға әкеп соқтыратындығын ескертеді. Мас күйдегі адамдар жиі құқық бұзушылық жасайды немесе өздері түрлі қылмыстардың субъектісіне айналуы мүмкін. Сондықтан Есіл өзені мен Пестрое көліндегі жағажайларды патрульдеу суға шомылу маусымы аяқталғанша жалғасады.

Солтүстік Қазақстан облысының ПД баспасөз қызметі

КЕЗДЕСУ

«Барысхан» тұрғындарының базынасы

Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты Ерлан Тургумбаевтың нұсқауы бойынша облыстың барлық аудандары мен қаланың шағын аудандарында, аумақтық аудандарында полиция бөлімдерінің бастықтары халықпен кездесулер өткізуде.

11 шілде күні Тараз қаласының 2-полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Досымбек Мұсаев «Барысхан» шағын ауданының тұрғындарымен кездесті. 100-ден астам тұрғын 2-ПБ бастығына өз сұрақтарына жауап алу мүмкіндігін пайдаланды. Ауданның өзекті мәселелерінің ішінде тұрғындар түнгі уақытта көше жарығының болмауына байланысты құрылыс материалдары мен пәтер ұрлықтарының жиілеп кеткенін, сондай-ақ, бейнебақылау камераларының жоқтығын атап өтті.

Сондай-ақ, Д. Мұсаевтан тиісті мемлекеттік органдарға жолдың асфальтталмағаны және қоғамдық көлік мәселелері туралы хабарлауды сұрады.

Тұрғындар Д. Мұсаевқа қала әкімдігі мен Полиция басқармасының басшылығына аумақтық тірек пунктін ашу қажеттілігі туралы өтініш жолдауды сұрады. Қазіргі таңда «Барысхан» алабында 600-ге жуық жеке меншік үй орналасқан.

Сонымен қатар, тұрғындар учаскелік полиция инспекторы Бауыржан Жапарқұловтың адал жұмысын атап өтті. Тәуліктің кез келген уақытында «102»-ге шақыру түсірмей-ақ өздерінің учаскелік инспекторының көмекке келетініне, оның жасаған игі істеріне ризашылықтарын жеткізді.

Кездесу соңында «Барысхан» тұрғындары Тараз қаласының 2-полиция бөлімінің бастығына мазмұнды кездесу үшін алғыстарын білдірді.

Алдағы уақытта осындай жиындарды полиция полковнигі Д. Мұсаев Құмшағал және Шөлдала алқаптарында өткізуді жоспарлап отыр.

Жамбыл облысының ПД баспасөз қызметі



СҰХБАТ

Полиция майоры Қуандық ШАНДЫБАЕВ:

Білікті кадр – бірегей қызметкер

Қарағанды-Сұрыптау стансасындағы Желілік полиция бөлімі бастығының кадр саясаты жөніндегі орынбасары, полиция майоры Қуандық Шандыбаевпен Қазақстан полициясының бүгінгі келбеті және бөлімде атқарылып жатқан кадр саясаты жөнінде сұхбаттасқан едік.

– Қуандық Амангелдіұлы, жуырда Қазақстан полициясының құрылғанына 27 жыл толып, ел көлемінде кеңінен аталып өтті. Осы уақыт аралығында полиция мен халықтың арасын жақындатуға бағытталған жұмыстар өз жемісін берді ме?

– Биыл Қазақстан полициясының құрылғанына ширек ғасырдан көбірек уақыт өтіпті. Қандай сала болмасын, оның өз қиындығы бар. Полиция қызметкері болу да оңай емес. Ол үшін шыдамдылық, төзім және мықты жігер қажет. Тез шешім қабылдау, жылдам әрекет ету, қырағылық пен шапшаңдық сынды қасиеттер әр полицейдің бойынан табылуы тиіс. Сондай-ақ, ол қарапайым халықпен тілдесе алатын өз ісінің шебері болуы қажет. Олай болса, осындай толып жатқан талаптардың үдесінен шығып жүрген полицейлердің еңбегін атап айтқанымыз дұрыс. Осы уақыт ішінде қарапайым халықтың полиция қызметкерлеріне деген көзқарасы жақсарды деп айта аламын.

– Желілік бөлімнің бүгінгі қызметіне тоқталсақ. Қазір ішкі істер саласында маман тапшылығы бар. Сіздерде ондай мәселе жоқ па?

– Қарағанды-Сұрыптау стансасындағы Желілік полиция бөлімінің штаттық тіркелімінде 137 қызметкер бар, оның ішінде орта және аға басшылық құрамда – 85, кіші және қатардағы құрамда – 50, мемлекеттік әкімшілік қызметшілер – 2 маман.

Қазіргі уақытта бос лауазымдар бойынша жиынтықтау жұмыстары ІІМ №870 бұйрығына сәйкес жүргізілуде. Сонымен қатар, бос лауазымдарды жасақтау мақсатында жергілікті әскери бөліністерде әскер қатарында қызмет атқарып жатқан әскери қызметшілерді ішкі істер органдарына қызметке тарту турасындағы насихаттау жұмыстары жүргізілуде. Атап айтсақ, кадр саясаты тобының қызметкерлері ІІМ Ұлттық ұланы 5451 әскери бөлімі сарбаздарымен аталған бағытта кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізді. «Білікті кадр – бірегей қызметкер» десек дұрыс болар. Сондықтан бос лауазымдарды жасақтауда білікті әрі білімді маманды алғанымыз дұрыс.

– Полиция қызметкеріне ақыл мен білім ғана емес, күш-қуат та керек. Осы тұрғыда сіздің бөлімде талай жарыстарда жеңімпаз атанып жүрген спортшылар да бар. Соларға тоқтала кетсеңіз?

– Иә, полиция қызметкері – халық қорғаны дейміз. Олай болса, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін сақшылардың өздері әлжуаз болмауы керек. Сондықтан біз полицияға үміткерлердің арасынан спортшыларды құшақ жая қарсы аламыз. Әрине, бұл қатаң талап емес. Десек те, полиция қызметкерлері үшін қызмет пен спорт – егіз ұғым.

Бөлімде қызметкерлердің денешынықтыру дайындығы жоғары деңгейде. Атап айтсақ, бүгінде қоянқолтық ұрыстан полиция сержанты Айдана Тілеуханова еліміздің екі дүркін чемпионы, спорт шебері. Сондай-ақ, полиция лейтенанты Дидар Салкенов грэпплингтен Қазақстанның 2 мәрте чемпионы. Полиция кіші сержанты Ерғанат Әбдікәрімов те күрестен түрлі жарыстардан жүлделі орынмен оралып жүр.

Сонымен қатар, елге қызмет ететін жастың бойында қырағы мінез, сабыр, төзім, қайсарлық қажет деп ойлаймын. Осы қасиеттерді бойға сіңіргенде ғана елге қалтқысыз қызмет етуге болады.

– Көпшілікке мәлім, соңғы кезде елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күшейді. Осы мәселе жөнінде не айтар едіңіз?

– Біз Көліктегі Полиция департаментінің бастамасымен 2018-2020 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасын іске асыруға барынша күш жұмылдырудамыз. Сонымен бірге, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» қабылданған заңдардың маңыздылығын бөлімнің жеке құрамы толықтай зерделеді. Жыл басынан бері 6 жас қызметкер Қарағанды-Сұрыптау стансасындағы ЖПБ-не қызметке жаңадан қабылданды. Аталған жас полицейлерге сыбайлас жемқорлықпен күрес жолдары, олардың алдын алуға бағытталған іс-шаралар бойынша мағлұматтар толықтай берілуде.

Алайда, сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізуді тек ішкі істер органдарының қызметкерлері ғана емес, барлық Қазақстан Республикасының азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

– «Еңбек түбі – зейнет» демекші, қазіргі полиция қызметкері кейінгі ардагер екені белгілі. Ұжым басшылығы тарапынан ардагерлерге лайықты құрмет көрсетіліп жатыр ма?

– Әрине, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету – басты парызымыз. Жыл басынан бері кадр саясаты жұмысы тобы атаулы мереке күндері ардагерлеріміздің үйлеріне құттықтап барды. Нақты айтсақ, бүгінде 80-нен асқан Алексей Туркин Михайлович пен Губенко Евдокия Николаевна сынды қарияларымыз бар. Ұлы Жеңістің 74 жылдығына орай, ардагерлер кеңесінің төрағасы Жанат Әбдікәрімұлымен бірге тыл ардагерлерін арнайы барып, мерекелерімен құттықтап қайттық.

Жыл сайын Қарағанды-Сұрыптау стансасындағы Желілік полиция бөлімінде ұзақ жыл қызмет атқарған қызметкерлердің зейнеткерлікке шығуына байланысты салтанатты іс-шара өтеді. Жақында жедел қызмет саласында бірталай жыл қызмет атқарған 4 әріптесімізді зейнеткерлікке шығарып салмақпыз. Олар темір жол мен әуе көлігі нысандарындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, құқықтық тәртіпті нығайту мен қылмыспен күресуде айтарлықтай еңбегі сіңген қызметкерлер.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Ж. ТҰРСЫНОВА, Қарағанды қаласы

ЦИФРЛАНДЫРУ

Камера көбейсе, қылмыс азаяды

Солтүстік Қазақстан облысының полицейлері ішкі істер органдарын жаңғырту аясында сыртқы бақылау жүйесін 139 бейнекамераға арттырды.

Бейнебақылау камералары жүйесін кеңейтудегі басты қадамның бірі – кәсіпкерлердің өз объектілерін бейнекамералармен жабдықтап, тәртіп сақшыларының мониторына бейненің қосылуын қамтамасыз етуі. Бұл жұмыс облыс орталығында ғана емес, аудандарда да жүзеге асырылуда.

Жартыжылдық жұмыстың қорытындысы бойынша сыртқы камераларды орнатуда Аққайың ауданы көш бастады, онда кәсіпкерлер мен жеке тұлғалар орнатқан 48 камера полицияның кезекші бөліміне қосылды. Мамлют ауданы да көштен қалатын емес, мұнда 6 ай ішінде 39 сыртқы камера орнатылып, кезекші бөлімге шығарылған. Мағжан Жұмабаев ауданында, соның ішінде аудан орталығында 26 сыртқы камера және Қарақоға селосында 1 камера орнатылған, бұл тәжірибе жалғасын табуда.

Солтүстік Қазақстан облысының ІІО-да 1277 бейнекамералар жұмыс істеп тұр. Оның ішінде жыл басынан жергілікті бюджет есебінен 17 жаңа камера орнатылды және қосалқы бейнетіркегіштердің 122 камерасы қосылды. Бейнелер кезекші бөлімге, учаскелік полиция пунктіне немесе учаскелік инспекторлардың планшеттеріне түседі.

Жыл басынан облыста бейнекамералардың көмегімен 8045 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, 62 қылмыс ашылды.

Бүгінгі таңда мобильді принтерлері бар жиынтығымен 300 планшет сатып алуға мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу үшін конкурстық құжаттама дайындалды, 127 планшетті жеткізуге шарт жасалды. Бұл жабдық Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімімен жұмыс істеуге толық көшу үшін қажет, ол автожолдарда хаттамалар толтыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға септігін тигізеді. Облыс әкімдігі патрульдік полиция бөліністері үшін алып жүретін 300 бейнетіркегіш сатып алуға қаражат бөлді.

«Халықтың қажеттілігіне бағдарлаумен және кадр құрамын оңтайландырумен қатар ІІО жаңғыртудың үшінші бағыты – полиция жұмысының ашықтығын қамтамасыз ететін цифрлық технологияларды енгізу», – деп атап өтті Солтүстік Қазақстан облысы ПД бастығы, полиция полковнигі Марат Төлебаев. – Біріншіден, бұл бейнетіркеу жүйесі мен іс жүргізудің электрондық түріне көшу – материалдарды фальсификациялау тәуекелін азайтады».

Бүгінгі таңда Солтүстік Қазақстан облысында әр төртінші қылмыстық іс электрондық түрде жүргізіледі. «Цифрлық форматта істерді жүргізу тәжірибесін кеңейтуіміз қажет, – деді полиция ведомствосының басшысы. – Жоғары технологияларды меңгерген полиция ғана уақыт пен қазіргі заман талабына сай келеді».

Солтүстік Қазақстан облысының ПД баспасөз қызметі

ТРЕНИНГ

Бизнесті қалай бастау керек?

Тимур ИШМҰХАМЕДОВ, Ақтөбе қаласы

«Мотивация – бұл адамның қандай да бір қызмет арқылы өз қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілеті». ҚА-168/2 мекемесінде сотталғандар үшін түсіндіру жұмыстарын жүргізу осындай сөздермен басталды.

Жақында «Серпін» мемлекеттік бағдарламасын және меморандум тармақтарын орындау аясында Ақтөбе қаласындағы түзеу мекемесінің әкімшілігі «Достық» кәсіпкерлер клубымен, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандарымен, сондай-ақ, Өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға арналған рессоциализация орталығының маманымен бірлесе отырып, сотталғандармен «Мотивация және өз ісін қалай бастау керек» тақырыбында өте қызықты және пайдалы кездесу өткізді.

Бизнес-тренер Саламат Данабеков бизнес жоспарды қалай құру керек, бизнесті неден бастау керек, өз тауарыңды немесе қызметтеріңді қалай жарнамалауға болады деген секілді бизнеске және оны жүргізуге қатысты көптеген сұраққа жауап берді.

Бизнес-тренингтің негізгі аудиториясы – пенитенциарлық пробацияға жататын сотталғандар болды, яғни жаза мерзімінің бітуіне бір жылдан аспайтын уақыт қалғандар. Сондықтан олар үшін семинар-тренинг өте пайдалы болды. Олардың кейбіреулері босатылғаннан кейін өз бизнесін ашуды жоспарлап, армандайтынын жасырмады.

Ақтөбе қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жетекші мамандары Назерке Қанапина мен Айсұлу Уксимбаева сотталғандарға босағаннан кейін жұмысқа орналасу, қысқа мерзімді курстарға оқуға жолдама алу және өз ісін ашу үшін шағын несие беру тәртібі мәселелерін түсіндірді.

Ақтөбе қаласының әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманы Р. Дармышева әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету мәселелерін түсіндірді.

№52 (4506), сейсенбі, 16.07.2019 e-mail: sakshy@mediaovd.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаменті бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды

Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 19, astana.ukr@mvd.gov.kz, анықтама үшін телефон нөмірлері: 87172716074, 87172716263, 87172716604, 87172716704, 87172716572, 87172716215, 87172716288, 87172716264, 87172716296, 87172716269, 87172716094, факс 87172716333.

ПБ тергеушісі (2 бірлік, SVR-8 санаты)

Негізгі лауазымдық нұсқаулықтар: қылмыстық істерді ашуды, тергеп-тексеруді жүргізеді, кінәлі тұлғаларды анықтайды және қылмыстық жауапкершілікке тартады, қылмыстық істерді айыптау актісімен бірге прокуратураға жолдайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес келетін кәсіби жоғары білімі бар, жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

ПБ анықтаушысы (2 бірлік, SVR-8 санаты)

Негізгі лауазымдық нұсқаулықтар: қылмыстық істерді ашуды, тергеп-тексеруді жүргізеді, кінәлі тұлғаларды анықтайды және қылмыстық жауапкершілікке тартады, қылмыстық істерді айыптау актісімен бірге прокуратураға жолдайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес келетін кәсіби жоғары білімі бар, жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

ПБ жедел уәкілі (1 бірлік, SVR-8 санаты)

Негізгі лауазымдық нұсқаулықтар: қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге тікелей қатысады, қылмыскерлерге іздестіру жүргізеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес келетін кәсіби жоғары білімі бар, жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

ПБ ЖПҚБ учаскелік полиция инспекторы (1 бірлік, SVR-4 санаты)

Негізгі лауазымдық нұсқаулықтар: қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, қылмыстың алдын алу, анықтау және жолын кесумен, құқық бұзушылықтың алдын алумен айналысады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес келетін кәсіби жоғары білімі бар, жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ инспекторы (5 бірлік, SN-8 санаты***)

Негізгі лауазымдық нұсқаулықтар: қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен айналысады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес келетін кәсіби жоғары білімі бар, жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Жедел басқару орталығы кезекші бөлімінің кезекші инспекторы (1 бірлік, C-SVO-9 санаты)

Негізгі лауазымдық нұсқаулықтар: бейнебақылаумен қоғамдық тәртіпті бақылау, қоғамдық қауіпсіздікті және жол қауіпсіздігін қамтамасыз етумен, қылмыстың алдын алу, анықтау және жолын кесумен, құқық бұзушылықтың алдын алумен айналысады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес келетін кәсіби жоғары білімі бар, жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Жол-патрульдік полициясы полкінің қызмет инспекторы (5 бірлік, SSP-8 санаты)

Негізгі лауазымдық нұсқаулықтар: қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті және жол қауіпсіздігін қамтамасыз етумен, қылмыстың алдын алу, анықтау және жолын кесумен, құқық бұзушылықтың алдын алумен айналысады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес келетін кәсіби жоғары білімі бар, жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Кинологиялық қызмет орталығының кіші инспектор кинологі (2 бірлік, SV-12 санаты)

Негізгі лауазымдық нұсқаулықтар: қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, қылмыстың алдын алу, анықтау және жолын кесумен, құқық бұзушылықтың алдын алумен айналысады, қызметтік және із кесу иттерімен жұмыс жасайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: орта білімі бар, жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Ғимараттарды күзету бөлімшесінің полицейі (5 бірлік, SV-12 санаты)

Негізгі лауазымдық нұсқаулықтар: қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, қылмыстың алдын алу, анықтау және жолын кесумен, құқық бұзушылықтың алдын алумен айналысады.

Жүргізуші полицей (2 бірлік, SV-12 санаты)

Негізгі лауазымдық нұсқаулықтар: қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, қылмыстың алдын алу, анықтау және жолын кесумен, құқық бұзушылықтың алдын алумен айналысады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: орта білімі бар, жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Айдауыл қызмет взводының полицейі (2 бірлік, SV-12 санаты)

Негізгі лауазымдық нұсқаулықтар: қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, қылмыстың алдын алу, анықтау және жолын кесумен, құқық бұзушылықтың алдын алумен айналысады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: орта білімі бар, жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Процессингтік орталығының техникі (1 бірлік, SV-12 санаты)

Негізгі лауазымдық нұсқаулықтар: қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен айналысады, деректер қорының есебі мен тіркеуін жүргізеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: орта білімі бар, жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Техник (2 бірлік, SV-12 санаты)

Негізгі лауазымдық нұсқаулықтар: қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен айналысады, деректер қорының есебі мен тіркеуін жүргізеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: орта білімі бар, жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Конкурс Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс және тағылымдама өткізу қағидасы негізінде жүзеге асырылады.

Құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған сәттен бастап, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Кадр жұмысы басқармасына құжаттар тігетін мұқабатысқа орналастырылған мынадай құжаттарды: өтініш, сауалнама, жеке іс парағын, өмірбаян, нотариалды куәландырылған білімі туралы құжаттардың көшірмелерін, нотариалды куәландырылған әскери билеттің немесе шақыру учаскесіне тіркелгені туралы куәлік көшірмесін, мінездеме, 3х4 өлшемдегі төрт дана фотосурет, Қазақстан Республикасы азаматының жеке бас куәлігінің көшірмесін, БП ҚСжАЕКБ бойынша мәліметтерінің бар-жоғы туралы анықтама, құжаттарды тапсыру сәтіне жарамды, қорытындысы шекті мәннен төмен емес Қазақстан Республикасы заңнамасын білуіне тестілеуден өткені туралы сертификат (немесе сертификаттың нотариалды расталған көшірмесі), конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтіне жарамды, уәкілетті органда жеке қасиеттерін бағалаудан өткені туралы қорытынды құжатты (немесе қорытындының нотариалды расталған көшірмесі) тапсырады.

Конкурстық комиссия отырысына бақылаушылардың қатысуы рұқсат етіледі. Конкурстық комиссия отырысына бақылаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламенті мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, өзге де мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдар) коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органдардың қызметкерлері қатыса алады.

Конкурстық комиссия отырысына бақылаушы ретінде қатысу үшін тұлға әңгімелесу өткізу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей Кадр жұмысы басқармасына тіркеледі. Тіркелу үшін тұлға жеке басын куәландыратын құжат көшірмесін, жоғарыда көрсетілген ұйымға жататынын растайтын құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелерін ұсынады.

Үміткерлер әскери-дәрігерлік комиссиядан өтеді, денешынықтыру даярлығы бойынша нормативтер тапсырады.

ҚЫЛМЫСҚА – ҚЫЛБҰРАУ

Ұрлыққа қарсы басты шара

Солтүстік Қазақстан облысында криминалдық полицияның жедел уәкілдері азаматтарды мүлкіне сақтықпен қарауға шақырады.

Талдау көрсеткендей, қаскөйлер көп жағдайда ұялы телефондарды олжалайды. Заманауи байланыс құралдары ықшам әрі құны да арзан емес. Сондықтан қылмыскерлер смартфондарды қолды қылып, төмен бағамен сатып жіберуге тырысады. Жыл басынан Солтүстік Қазақстан облысының аумағында 347 ұялы телефон ұрлығы тіркелді. Осы орайда жедел уәкілдер мүлікке сақтықпен қарау қажеттілігі туралы ескертеді. Азаматтар смартфондарын дәмханаларда немесе таксиде қалдырып, бірнеше күннен кейін полицияға жүгініп жатады. Телефонға, мүліктің кез келген түріне қырағылықпен және жауапкершілікпен қарағанда ғана мұндай жағдайларды азайтуға болады.

...Өткен жылдың қарашасында Аққайың ауданы Полиция бөліміне қымбат смартфонын жоғалтып алған зейнеткер Рәзия Мырзатаева жүгінді. Жедел уәкілдер одан жауап алып, мән-жайды анықтады. Бірнеше ай өткен соң, телефонды тауып берді. 73 жастағы әйел қуанышын жасырмады. Зейнеткер Полиция департаменті бастығы, полиция полковнигі Марат Төлебаевтың атына хат жазып, қызметіне ықыласпен, адал қарағаны үшін Аққайың ауданы ПД Криминалдық полиция бөлімшесінің жедел уәкілі, полиция аға лейтенанты Арман Айдарбековке алғыс білдіруді сұрады.

Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Петр Климовтың айтуынша, ІІМ-нің 2019-2020 жылдарға арналған Ұрлықтарға қарсы іс-қимыл бағдарламасы шеңберінде облыс полицейлері профилактикалық іс-шаралардың кешенін өткізеді. Ұялы телефондардың ұрлығынан басқа мал ұрлығы, пәтер тонау, тағы басқа ұрлық түрлері назарға алынған. Алдын алу жұмысы барлық арналар бойынша жүргізіліп жатыр: қаланың маршруттық автобустарында қалта ұрлықшыларының құрығына түспеу жолдары, адамдар көп жиналатын орындардағы LED-экрандарда мүліктік қылмыстардың алдын алу жөнінде видео көрсетіледі. Бұдан бөлек, телефон мен велосипед ұрлықшыларынан сақтану мақсатында қала көшелерінде азаматтарды қырағылыққа шақыратын баннерлер орналастырылды. Болашақта аталған шаралар және адамдардың сақтығы мүлік ұрлығының санын қысқартуға мүмкіндік береді.

Солтүстік Қазақстан облысының ПД баспасөз қызметі

«Жұмысқа орналастыратын» алаяқ

Сарыағаш ауданы ПБ-не бірнеше жергілікті тұрғын арызданып, ғаламтордағы «жұмысқа шақырамыз» деген жарнама бойынша жұмысқа орналастырып беремін деген белгісіз азаматқа 150 000 теңге ақшаларын беріп, алданып қалғандарын айтады.

Аталған жайт ҚК-нің 190-бабы «Алаяқтық» бойынша тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне енгізілді.

Аудандық полицейлер тез арада іске кіріседі. Қажетті деген барлық шаралар-ды жүзеге асырып, күдіктінің қызылордалық екенін анықтап, үйіне барады. Алайда, оны таппайды. Іздестіруді одан ары жалғастырып, достарының машинасына отырып қашпақ болған күдіктінің ізіне түсіп ұстады. Аудандық тәртіп сақшылары ұсталған күдіктіні Сарыағаш ауданы ПБ-нің ТБ-не жеткізеді. Жедел-іздестіру шаралары арқасында қолға түскен күдікті бұрын сотталмаған Жаңақорған ауданының тұрғыны болып шыққан.

Ол өзінің іс-әрекетімен бірнеше адамға қатысты алаяқтық жасаған. Сарыағаш ауданының 6 бірдей тұрғынын алдап, Атырау облысындағы бір компанияға жұмысқа орналастырып беремін деп сенімдеріне кіріп, әрқайсынан 150 000 теңгеден ақшаларын жымқырған.

Қазіргі таңда күдіктіге Сарыағаш аудандық сотымен 2 айға күзетпен ұстау «бұлтартпау шарасы» қолданылып, қамауға алынды. Тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

Түркістан облысы полицейлері азаматтардан алаяқтардың арбауына түсіп қалмауды сұрайды. Қандай жағдайда болмасын, анық-қанығын білмей, белгісіз азаматтарға сенбеу керектігін қатаң ескертеді. Бүгінгі ақпараттық технологияның дамыған заманында, интернет желісін басқа жағынан пайдаланып, арам ойын іске асырып жүрген алаяқтар саны аз емес. Сондықтан барынша сақ болғандарыңыз жөн.

Түркістан облысының ПД баспасөз қызметі

ЖЕКПЕ-ЖЕК

Жеңісті жол – жемісті нәтиже

Қызылорда облысы Полиция департаментінің және қала әкімінің кеңесшісі, Қызылорда облысының жекпе-жек сайысы федерациясының президенті Әмірбек Шаймағамбетовтің, қоғам белсендісі Эрик Теңізбаевтың бірлесіп ұйымдастыруымен облыс көлемінде жекпе-жектен құқық қорғау органдарының және арнайы құрылымдардың қызметкерлері арасында турнир өтті.

Спорттық шараның ашылу салтанатында әнұран шырқалып, алғы сөз Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Пазылбек Нәлібаевқа берілді.

«Аквапарк» спорт кешенінде өткен турнирге Қызылорда облысының Полиция департаменті, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті, ҰҰ №5547 әскери бөлімі мен ҰҚК Шекара қызметінің 2019 әскери бөлімі, Қызылорда гарнизонының 66597 әскери барлау бөлімі, Қызылорда облысы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы, Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаменті, Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы спорт клубының командалары қатысып, жарыс жолына түсті.

Тартысты өткен спорттық бәсекенің нәтижесінде жалпыкомандалық есепте Қызылорда облысының Полиция департаменті 1-орынды жеңіп алса, Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы спорт клубының командасы 2-орынды, ҰҚК-нің Шекара қызметінің 2019 әскери бөлімі 3-орынды иеленді.

Жарыс нәтижесінде жеңімпаз атанған командалар алғыс хаттармен және сыйлықтармен марапатталды.

Қызылорда облысының ПД баспасөз қызметі

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

«Жетісу бөрісі» жерге қаратпады

Петропавл қаласында жуырда полицейлер арасында қазақ күресінен өткен Ішкі істер министрлігінің чемпионаты өз мәресіне жетіп, ел тыныштығын күзеткен сақшылар қазақ күресінен кім мықты екенін анықтап, ұлттық спортымыз бен бәсекенің көрігін қыздырды.

Боз кілемде бас қосқан сайдың тасындай тәртіп сақшылары өз облыстарының намысын қорғап, бар білгендерін ортаға салды. Спортты серік еткен полицейлердің тартысы дүйім жұртты тәнті етті.

100 келіге дейінгі салмақта Жетісу жерінің намысын қорғаған Александр Косачевқа қарсылас шақ келмей, алтыннан алқа тағынды. Іле ауданында кәмелетке толмағандар ісімен айналысатын полиция аға лейтенанты А. Косачев қазақ күресінен «Жетісу бөрісі» атанса, дзюдо күресінен халықаралық деңгейдегі спорт шебері, Азия чемпионатының қола жүлдегері, әлемдік ареналарда еліміздің туын желбіретіп жүрген даңқты спортшы.

«Бізде әр қызметкердің жалпы физикалық дайындығына, қоян-қолтық ұрыс тәсілдерін меңгеруіне аса назар аударылады. Қызметкерлер арасынан әлем, Азия чемпиондары шықты. Міне, Александр тағы бір мәрте топ жарды. Қызметтегі міндеттерімен қатар, спортта да жетістікке жетіп жүргені – оның еңбекқорлығын, қағидатшылдығын білдіреді. Қандықол қылмыскерге қарсы келу үшін тәртіп сақшысының бойында қайрат, жүректе намыс, білегінде күш болуы керек», – деп атап өтті Алматы облысы Полиция департаменті Арнайы және жұмылдыру даярлығы басқармасының бастығы, полиция полковнигі Аят Мұратбаев.

«Облыс мәртебесін биікке көтерген балуан мүлтіксіз қызметі мен спорттық жетістігі үшін департамент басшылығының қабылдауында болды», – деп атап өтті облыстық полиция өкілдері.

Алматы облысының ПД баспасөз қызметі

ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ АЙҚАС

Полиция капитаны – Азия чемпионы

Нұр-Сұлтан қаласының полиция қызметкері Азия чемпионатында жеңіске жетіп, алтын медаль иеленді.

5-7 шілде аралығында Қырғызстан Республикасының Чолпон-Ата қаласында қоян-қолтық айқастан «HSIF» ашық Азия чемпионаты өтті.

Турнирге әртүрлі елден келген 128 спортшы қатысты. Қазақстан Республикасы құрама командасының қатарында елордалық Полиция департаментінің қызметкері, полиция капитаны Нұртас Жұмағазы да болып, 90 келі салмақтағы спортшылар арасында күш сынады.

Нұртас Жұмағазы жеке есепте алтын медель иеленіп, қоян-қолтық айқастан халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанды.

Сонымен қатар, елордалық полиция қызметкері самбо, кудо, дайдо джуку кудо, панкратион сияқты бірнеше спорт түрінен спорт шебері, грек-рим күресінен спорт шеберлігіне кандидат.

Жалпыкомандалық есепте Қазақстан командасы жүлделі бірінші орынды иеленді.

Нұр-Сұлтан қаласы ПД баспасөз қызметі

ШАҒЫН ФУТБОЛ

Жасыл алаңда – қарауылдар

Қ. БАЙСЕЙІТОВ, Көкшетау қаласы

Азаматтық қорғау саласының әрбір қызметкері тұрақты физикалық дайындықта болуы тиіс. Осы мақсатта 2-ӨСБ басшылығы қарауылдар арасында шағын футболдан жарыс ұйымдастырды.

Жарыс қызықты да тартысты өтті. Жарыс барысында 1-ші және 2-ші қарауылдар командалары арасындағы ойын 1:3 есебімен аяқталса, 3-ші және 4-ші қарауылдар командалары 2:1 есебімен тарқасты.

Финалда 2-ші және 3-ші қарауылдар командалары кездесті, 3-ші қарауыл командасы соңғы минутта бір гол алға шығып, 2:3 есебімен жеңіске жетті.

Турнирге белсене қатысқаны үшін командалар грамоталармен марапатталды, жеңімпаздарға кубок табыс етілді. Осылайша, аталмыш жарыс барысында Көкшетау қаласы 2-ӨСБ-нің шағын футбол құрамасы жасақталды.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

Борисов балуанның алтыны

Ақтөбелік тәртіп сақшысы ІІМ-нің қазақ күресінен өткен чемпионатында үздік атанды.

Ақтөбе облысының Полиция департаментінің Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ сарбазы Александр Борисов Петропавлда өткен чемпионатта 74 келі салмақ дәрежесінде өз қарсыластарынан басым түсіп, чемпион атанды.

Жарыста барлығы 24 командадан 150-ға тарта қатысушы бақ сынады. Атап айтқанда, полицейлер, құтқарушылар, шекарашылар мен қылмыстық атқару жүйесінің мамандары өзара белдесті.

«Мен 4 белдесу өткіздім. Алғашында шығысқазақстандықпен, екіншісінде қызылордалықпен, үшіншісінде былтырғы Қазақстан чемпионы болған спортшымен күрестім. Оларды анық басымдықпен жеңдім.

Ақтық мәреде қарағандылық әріптесімнен басым түсіп, чемпион атағын иелендім. Жеңісім үшін командирім Қажмұхан Шалтақов пен бапкерім Ақәділ Убаевқа алғысымды айтамын», – дейді чемпион Александр Борисов.

Ол алда қыркүйек айында Үндістанда өтетін самбодан Азия чемпионатына дайындық үстінде.

Ақтөбе облысының ПД баспасөз қызметі

СПАРТАКИАДА

Жасөспірім жігері

Гүламан ИСМАҒҰЛОВА, Орал қаласы

Жуырда облыстық балалар мен жасөспірімдердің «Атамекен» лагерінде «Қайсар» патриоттық шатырлы лагерінің жабылу салтанаты өтті.

Орал қаласы ПБ басшы құрамы және Жергілікті полиция қызметі бөлімінің басшылары бұл жолғы демалысқа басқармада есепте тұрған тәртібі төмен отбасының балаларын таңдап алды. Мұндағы мақсат – жас күнінде шалыс басып, түрлі ұсақ құқық бұзушылыққа жол берген немесе мектепке бармай, білім алуға құлықсыздық танытқан жасөспірімдерге көңілді демалыс сыйлау болатын. Жасөспірімдердің бойындағы патриоттық сезімді ояту, замандастарымен еркін пікір алмасуға мүмкіндік туғызу, табиғат аясында серуендету, жеткіншектің ойымен санасу, қиындықтарды жеңе білуге тәрбиелеу және ұжымдасып жұмыстануға баулуға үйретті.

«Қайсар» патриоттық лагерінің жабылу салтанатында спорттың түр-түрінен спартакиада ұйымдастырылып, барлық жасөспірім шеберліктерімен көзге түсті. Олар командаларға бөлініп жарысты, алыс қашықтыққа жүгірді, граната лақтырды, мергендіктерін сынап, мылтықтан нысана көздеп атты. Күркені санаулы уақытта құру немесе қайтадан бұзу, тоғай ішінде алау жағып ас пісіру сынды турлардан бақтарын сынады. Барлығы бір кісідей жеңіс тұғырына ұмтылды.

Спартакиада нәтжесінде 1-орын №46 орта мектептің оқушысы Абат Ихсановқа, №22 орта мектептің оқушылары Ернар Илесханға, Данияр Усаховқа, №45 орта мектептің оқушысы Ермек Утегенге берілді. 2-орынмен №49 орта мектептің оқушылары Бексұлтан Азамат, Руслан Аманғалиев, Нұрберген Жексенов, Әділет Талаптияров марапатталды. 3-орын Серебряково орта мектебінің оқушысы Алихан Қаракенжиевке, Круглоозерное орта мектебінің оқушысы Эльдар Төлебергеновке, №47 орта мектептің оқушысы Әлихан Нұрланұлына, №9 орта мектептің оқушысы Темірхан Жумиевке тапсырылды.

– Жазғы демалыста жасөспірімдердің демалысын осылайша ұйымдастырып, лагерьдің жабылуына қарсы спартакиада өткіздік. Барлық жасөспірім ынталы түрде қатысты. Орал қаласы ПБ ЖПҚБ атынан алғыс хатпен марапаттап, барлығына балмұздақ пен шырындар, тәттілер үлестірілді, – дейді Орал қаласы ПБ ЖПҚБ аға инспекторы, полиция майоры Мәдина Құспанова.

ДАЛАЛЫҚ ЛАГЕРЬ

Жаста берген тәрбие – жас шыбықты игендей...

О. УАҚПАЕВА, Қостанай қаласы

Ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған Жол картасын іске асыру шеңберінде ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясы жасөспірімдерге әскери-патриоттық тәрбие беру мақсатында Академияның оқу-дала лагері базасында жазғы әскери-патриоттық лагерін ұйымдастырды.

Іс-шараға психологиялық жұмыс орталығының, педагогика және психология кафедрасының, әскери және тактикалық арнайы даярлық кафедрасының, жауынгерлік және дене дайындығы кафедрасының қызметкерлері және облыстық ПД Жергілікті полиция қызметінің жасөспірімдер істері бойынша учаскелік полиция инспекторлары қол ұшын беріп, қызмет атқарды.

Мұндай іс-шараны Ішкі істер министрлігінің ведомстволық оқу орындары арасында Қостанай Академиясы басшылығы бірінші болып өткізіп отыр.

Іс-шараның бірінші күнінде оқу-дала лагеріне Қостанай қаласының жасөспірімдер инспекциясында тіркелген 30 шақты жасөспірім келді. Балалар жастарына қарай топ-топқа бөлініп, оқу орнының қызметкерлері, курсанттар мен учаскелік полиция инспекторлары таңертеңнен кешке дейін жасөспірімдермен әртүрлі психологиялық, спорттық ойындар ойнап, балалардың әр сәтін жақсы өткізу үшін барлық жағдайларын жасады. Жасөспірімдердің қатары күннен-күнге көбейіп, бір-бірлерімен танысып, өзара қарым-қатынастары да жақсы болып, өздерін белгілі ортада қалай ұстау қажеттілігін, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болу, адамгершілік, қамқорлық деген сөздердің мағынасын түсініп, өмірдің мәнін ұғынып, дүниенің оңы мен солын танып, ақ пен қараны ажыратуға дұрыс бағыт алды.

Бүгінгі таңда жасөспірімдер өздерінің денсаулығына көп мән бермейді. Сондықтан да оларды жас кезінен бастап денсаулығын сақтай білуге тәрбиелеу мақсатында Академия қызметкерлері Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық саламатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнынан Д. Шаймарданова және Е. Загребина атты қызметкерлерді шақырды. Олар жасөспірімдерге адам денсаулығына зиянын тигізетін жат қылықтардан бас тарту туралы дәріс және тренинг өткізді.

Оқу-дала лагерінде жасөспірімдер үш бағыт бойынша тәрбиеленді. Олар: әскери-патриоттық, денешынықтыру және психологиялық бағыттар. Іс-шара барысында психологиялық жұмыс орталығы мен педагогика және психология кафедрасының қызметкерлері психодиагностика өткізді. Жасөспірімдердің оқу-дала лагерінде бір жеті өткізген күндері бойынша оқу орнымыздың қызметкерлері өздерінің нәтижелерін дайындап, Полиция департаментінің психологтарына және мектеп психологтарына әр жасөспірімге көмек көрсету және одан әрі қарай психологиялық түзетулер өткізу үшін ұсынылады.

Келесі аптадан бастап оқу-дала лагеріне жасөспірімдерден құрылған екінші жаңа топ келеді. Оқу орнының жоспары бойынша оқу-дала лагері жыл бойы жұмыс істейді.

Бұл шараның ең басты мақсаты – алдымен жасөспірімдердің мемлекеттік және полиция қызметкерлеріне деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру. Себебі, олардың отбасыларындағы жағдайына, психологиялық мәселелеріне байланысты полиция мен мемлекетке деген көзқарастары оқу-дала лагерінен кейін өзгеріп, болашақта еліміздің жақсы азаматы болады деп ойлаймыз.

Дауылпаз ақын Мағжан Жұмабаев: «Жас бала – жас бір шыбық, жас күнінде қай күйде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ», – демеп пе еді? Сондықтан өсіп келе жатқан әр жеткіншекті жат қылықтардан аулақ болуға, туған елінің, жерінің тұтқасын ұстар тұлғалы азамат болып өсуіне үн қосу баршамыздың ізгі борышымыз деп білеміз.

АЙМАҚ АЙШЫҒЫ

Тәлімгерлік – тегеурінді тәрбие мектебі

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау жүйесін реформалау міндетін белгіледі. Бұл бағыттың жүзеге асырылуы – халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттырады.

Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаментінде қызметкерлердің жұмысына қойылатын жаңа талаптар мен әдіс-тәсілдер белсенді қолданылады. Облыстық полиция ведомствосының бастығы, полиция полковнигі Марат Төлебаев ашық, қол жетімді жұмыс форматы бойынша басымдықтарды белгілей отыра, жеке құрам алдында азаматтарға көмек көрсету міндетін қойды.

Мұндай амал қызметке келетін жас мамандарды даярлаудың негізіне айналды. Осы жылы солтүстікқазақстандық полицейлердің қатары 82 жас қызметкермен толықты. Оның 37-сі – Ішкі істер министрлігі ведомстволық оқу орындарының түлектері. Екі жас тергеуші РФ ІІМ Жоғары оқу орнын бітірген. «Ведомстволық жоғары оқу орындарының барлық түлектері оқуда жоғары көрсеткіштерге ие, таңдаған мамандықтарына асқан қызығушылықпен қарайды және мақсатқа талпынушылықтары да ерекше. Арасында оқуды үздік бітірген түлектер де бар, бұл қажырлы еңбектің, болашақ офицерлердің бойына оқу орнына келген күннен бастап сіңірген тәртіптің жемісі», – деді Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаменті Кадр саясаты басқармасының бастығы, полиция полковнигі Наталья Калинина. Қазіргі уақытта ведомстволық жоғары оқу орындарына шәкірттерді тек ІІМ Қарағанды Академиясы қабылдап жатыр, бұл оқу орны 50 жыл бойы жас мамандарды даярлап келеді.

Әділ Шұғаев – ІІМ Қарағанды Академиясының түлегі. Ол полицей мамандығын әкесінің ізімен таңдады. Оқу ордасында алған білімін жұмыста

қолданып келеді. Қазір ол Петропавл қаласының Полиция басқармасында тергеуші болып қызмет етеді. «Менің әкем көп жылдар бойы жедел қызметте жұмыс істеді. Ол менің өмірдегі де, қызметтегі де тәлімгерім. Бүгінгі таңда жұмыс жағдайы ғана өзгеріп қойған жоқ, қойылатын талаптар да өзгерді. Уақыт өзгергенімен, ең басты қағида – адамдарға көмектесу қай заманда да өзекті. Әкемнің қылмыстарды ашқан, адамдарға әділдіктің барына көз жеткізуге көмектескен кездегі көңіл күйі әлі есімде. Мен полицейдің көмегіне мұқтаж жандарға көмектесіп, олардың бақытты болғандарын көргім келеді», – деді жас офицер.

Айта кетейік, жас мамандарды даярлауда Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаментінде тәлімгерлік институтына ерекше назар бөлінеді. Еңбек өтілі бір жылға жетпейтін жас қызметкерлерге білікті тәжірибелі қызметкерлер қатарынан тәлімгерлер бекітілген. Қазіргі уақытта облыстың ішкі істер органдарында 270-тен астам жас қызметкер бар.

Осы орайда, орта, орта-арнаулы және жоғары (заң, техникалық) білімі бар жасы 35-ке дейінгі үміткерлерді Солтүстік Қазақстан облысының ішкі істер органдарына қызметке қабылдау жүргізіліп жатыр. Қызметке орналасу мәселелері бойынша Петропавл қ., Алматы көшесі, 55, 302 кабинет, «Кадр саясаты басқармасына» жүгінуге болады. Анықтама телефондары: 61-26-12, 61-26-14, 61-26-57, 61-26-42.

Солтүстік Қазақстан облысының ПД баспасөз қызметі

ЭКСКУРСИЯ

Арыстықтар Ақмола тарихына қанықты

Арыс қаласының балалары облыстық Полиция департаментінің және Көкшетау қаласының тарихымен танысты.

Жуырда Түркістан облысының Арыс қаласынан келген кішкентай қонақтарды полиция қызметкерлері қарсы алды. Тәртіп сақшыларының бастамасымен «Звездный» БСО демалған 20 бала Ақмола өңірінің бай тарихымен танысу, өңір үшін маңызы бар орындарды көру үшін облыс орталығына келді.

Танысу экскурсиясы бірегей тарихи ескерткіш болып табылатын Көкшетау қаласының музейінен басталды. Музей қызметкерлерінің сөзінше, нысан ғимаратының «Бұқпа» төбесінің етегінде орналасуының өзіне ерекше мән беру қажет. Өйткені, осы жерде XIX ғасырдың бірінші ширегінде Көкшетау қаласының іргетасы қаланған. Кішкентай қонақтар Көкшетау қаласының іргетасы қаланған күнінен бастап осы уақытқа дейінгі тарихтан сыр шертетін жәдігерлермен танысты. Жекелеген жәдігерлер Көкшетау қаласының қалыптасуына үлес қосқан танымал тарихи тұлғалар туралы баяндайды. Балалар қызықтыратын сұрақтарын қойып, оларға жауап алды, ұлттық дәстүр мен мәдениет, үй тұрмысында қолданылатын заттар туралы білімдерімен бөлісті.

Содан кейін қонақтар Көкшетау қаласын фотосуреттен емес, өз көзімен көрді: қалаға панорамалық көрініс ашылатын «Бұқпа» төбесіндегі қарау алаңына барды.

Полиция департаментінің ведомстволық музейі де қонақтардың қызығушылығын тудырды. Тәртіп сақшылары қонақтарды 1919 жылдан басталған полиция қызметінің бай тарихымен таныстырды. Ведомстволық музейде 5600-ден астам жәдігер бар. Олардың әрқайсысы ақмолалық милицияның, одан кейінгі полицияның баға жетпес тарихынан сыр шертеді.

Балалар үшін сыйлықтар беру тосынсый болды. Полиция қызметкерлері «Динамо» ДСҚ-мен бірлесе балаларға спорт құралдарын – доптар, теннис және үстел теннисі ойындарына арналған жинақтар сыйлады. Ал соңында полицейлер балаларға Көкшетаудың жергілікті тәттісі – балмұздақтан дәм татқызды.

«Біз балаларда қаламыз және Бурабай курорты жайлы тек жарқын да жылы пікір қалдыруға тырыстық. Біз де олардан оң, позитивті эмоция адық», – деп ой бөлісті ПД ЖПҚБ ювеналдық полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры Айнагүл Қуаныкова.

Арыс қаласының тұрғындарын қолдау ретінде ақмолалық тәртіп сақшылары алғашқылардың бірі

болып біркүндік еңбекақыларын, ал ІІО және ҰҰ ардагерлері жарты миллион теңге аударғанын айта кету керек. Сонымен қатар, полицейлер Ақмола облысының балалар сауықтыру орталықтары мен лагерьлерінде демалып жатқан Арыс қаласынан келген балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде.

Ақмола облысының ПД баспасөз қызметі

ШЫҒАРУШЫ және МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС
Бас директор **Бимаханбет АСАНОВ**
Бас директордың орынбасары **Арсен БЕКТАСОВ**

РЕДАКЦИЯ:
Бас редактор: **Ескендір ТАСБОЛАТ**
Бас редактордың орынбасары: Нұрлан **ОРАЗҒАЛИЕВ**
Ақпарат бөлімінің меңгерушісі: Жадыра **МЫРЗАХМЕТОВА**
Аға тілші: Бауыржан **СЕГІЗБАЕВ**

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы **№16944 - Г** куәлігі берілді
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
• Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
• Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Басылым «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС баспаханасында басылады.
Индексі: **65395**
Таралымы: **8 652**
Тапсырыс: **№1196**

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС-і
Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, Оңтүстік-шығыс т/а. (сол жағы), 602
тел: 99-77-77
Газет аптасына 2 рет шығады.

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИИК - KZ748560000000147459
БИК - KCJBKZKX
БИН - 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі, 29А.
Телефон: 8(7172) 49-02-14, ішкі нөмір 110
www.mediaovd.kz
Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz

Компьютер және дизайн бөлімінің қызметкері: **Мадина СҮЛЕЙМЕНОВА** Корректор: **Нұршақұл ӘШІМБАЕВА** Фототілші: **Бек ИМЕКЕШОВ** Нөмірдің кезекшісі: **Бауыржан СЕГІЗБАЕВ**